



Сыр бойы

№135
(19618)
13 ҚЫРКҮЙЕК,
БЕЙСЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ



МЕМЛЕКЕТТІК
КҮЗЕТ –
АБЫРОЙЛЫ
МІНДЕТ

3»



ТАРЛАНДАРДЫ
ТҮЛЕТКЕН
ТЕАТР

4»

ИНТЕРНЕТ – КОНФЕРЕНЦИЯ

2018 жылғы 14 қыркүйекте сағат 10.00-15.00 аралығында облыс әкімі Қ.Е. Көшербаевтың қатысуымен «Аймақтағы құрылыс және сәулет саласының дамуы» тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарңыз бен ұсыныстарыңызды <https://dialog.egov.kz/> сілтемесі арқылы жолдауға бола-

тындығын хабарлаймыз. Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.

PREZIDENT I

Астана қаласының активімен кеңес өткізді

Кездесу алдында қалалық мәслихаттың сессиясы өтті. Онда депутаттар Астана қаласының жаңа әкімі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтановтың кандидатурасын бірауыздан мақұлдады.

Нұрсұлтан Назарбаев Ә.Исекешевті Президент Әкімшілігінің басшысы лауазымына тағайындауымен құттықтап, жаңа жауапты қызметіне табыс тіледі.
– Мен елорда әкімін тағайындау мәселесіне зор мән бермін. Қаланы дамыту ісі, соның ішінде Астанадағы бүкіл нысандардың құрылысы үнемі менің жеке бақылауымда. Бұл – мен үшін маңызды басымдық. Бақыт Сұлтановтың мемлекеттік басқару ісіндегі тәжірибесі мол әрі ұйымдастырушылық қабілеті жеткілікті, – деді Елбасы.

Жиын барысында Қазақстан Президенті Астананың жаңа басшылығы алдында тұрған бірқатар басымдығы бар міндеттерді атап өтті.

– Дамудың жаңа моделін енгізу қажет. Инновацияны ілгерілету және креативті адамдардың көбеюі үшін қолайлы орта қалыптастырған жөн. Сол үшін қаланың 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясын әзірлеу керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Астананы іскерлік қаржы хабы ретінде дамытуды жалғастыру қажет екенін айтты. Жаңа тұрғын үйлер салу, тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік нысандар тұрғызу мәселелеріне ерекше назар аударды. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті қаланың инфрақұрылымын дамыту қарқынын сақтаудың және шаһарды газбен қамту үшін дайындық жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын айтты. Елорданың туристік әлеуетін дамыту ісінде әлемнің үздік тәжірибелерін қолдануды тапсырды.

Соңында Ә.Исекешев пен Б.Сұлтанов сенім білдіргені үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғыс айтып, бас қаламыз бен бүкіл елімізді дамыту ісіне өздерінің зор үлестерін қосатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы Түркістан қаласын дамыту жөнінде кеңес өткізді.



Түркістанның тарихи әрі рухани мәні зор

Елбасына Түркістан қаласын дамытудың жоспары мен перспективалары, облыс орталығы Шымкент қаласынан Түркістан қаласына көшіруге қатысты тапсырмалардың орындалуы туралы баяндалды.

– Елімізде жаңадан Түркістан облысының пайда болғаны баршаға мәлім. Бұл орынды шешім деп санаймын. Облыс орталығы енді Түркістан қаласына көшеді. Бұл – барлық жағынан да күрделі уәдері, – деді Қазақстан Президенті.

Елбасы Қазақстан халқы үшін де, бүкіл түркі әлемі үшін де Түркістан қаласының тарихи әрі рухани мәні зор екеніне айрықша тоқталды.

– Бұл – түркі халықтарының киелі мекені. Сондықтан мұнда жұрт көп келеді. Бұл жерде көптеген танымал тұлғалар жерленген, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Кеңесте Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Маминнің Түркістан қаласының аумақтық даму тұжырымдамасы жөніндегі баяндамасы және Түркістан облысының әкімі Ж.Түймебаевтың әкімшілік-аумақтық басқару органдарын жаңа облыс орталығына көшіру барысы жөніндегі баяндамасы тыңдалды. Атап айтқанда, Қазақстан Президентіне инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар салу жоспары, сондай-ақ қаланы энергиямен және сумен қамтамасыз етуге қатысты ұсынылған шешімдер жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет берілді.

Жиын қорытындысы бойынша Үкіметке және облыс басшылығына бірқатар нақты тапсырма жүктелді.

KOMISSIIA OTYRYSY I

ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНУЫ ТИІС

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Онда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мал ұрлығының алдын алу және онымен күресу мәселелері қарастырылды.

Жыл басынан бері жол-көлік оқиғаларының саны 7%-ке, жол-көлік апатынан зардап шеккендердің саны 9%-ке азайған. Бұл мәселе үнемі ведомствоаралық комиссияның бақылауында. Ресми мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда соңғы 10 жыл ішінде 162 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркеліп, онда 27 мыңнан астам адам қаза болып, 211 мыңнан астам адам жарақат алған.

– Ағымдағы жылдың 7 айында аймақта жол-көлік оқиғалары кезінде зардап шеккендердің саны 9%-ке, жазатайым оқиғалардың саны 25%-ке азайған. Дегенмен, оң динамикаға қарамастан, кей елді мекендерде жазатайым оқиғалар саны артып отыр, – деді аймақ басшысы.

Жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жағдайы туралы баяндаған облыстық ішкі істер департаменті жергілікті полиция қызметінің басшысы Б.Ибраев жол апатының алдын алуға бағытталған шаралар туралы да айтты. Қазір көпқабатты үй ауаларын бақылайтын 30 қызметкерден тұратын 15 жаяу бағыт бар. Жаяу бағыт есірткі сақтау, зорлау, ұрлық, бұзақылық деректерін анықтаған.

Жыл басынан облыс көлемінде 74 мыңнан астам жол қозғалысы ережелерін бұзу дерегі анықталса, олардың 84,2 процентін жол

апаттарына тікелей әсер ететін көлікті мас күйінде айдау, жылдамдықты арттыру, жаяу жүргіншіге жол бермеу, қарсы бағытқа шығу сияқты өрескел құқық бұзушылықтар құрады.

Жыл басынан облыс көлемінде орын алған жол-көлік оқиғалардың саны – 14, жарақат алғандар – 13, жол апатынан қаза болғандар 20 процентке азайды. Жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері – жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің салғырттығы, соның ішінде жолға жүгіріп шығу, мас күйінде көлік басқару, жолаушыларды тасымалдау кезінде, әсіресе балаларды тасымалдағанда жол-қауіпсіздік ережелерін сақтамау, көлікті техникалық тексеруден уақытылы және сапалы өткізбеу, мотоцикл айдағанда қауіпсіздік шлемін кимеу, елді мекендер мен үлкен трассаларда жылдамдық ережесін сақтамау болып отыр. Тағы бір айтарлық мәселе – республикалық маңызы бар тас жолдарда қараусыз малдардың жүруінен 24 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Бұл жолға жақын орналасқан елді мекендердегі жұмыстың дұрыс ұйымдастырылмауынан орын алуда.

Осыған байланысты облыс әкімі жергілікті полиция қызметіне облыстың елді мекендеріндегі жазатайым оқиғалардың себептерін анықтап талдауды, жолды кесіп өту кезінде мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын күшейтуді, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтауы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Мал ұрлығының алдын алу туралы хабарлама жасаған облыстық ішкі істер

департаменті бастығының бірінші орынбасары Ғ.Төлебаев биылғы жылдың 7 айында мал ұрлығы көрсеткішінің төмендегенін айтты. Соңғы кезде малдың өрістен ұрланып кету деректері жиі орын алуда. Жайылымда жүрген мал қылмыскерлерге оңай олжа болып отыр. Ауылдар мен Қызылорда қаласының шет аймақтарында пада, бақташы ұйымдастыру жұмыстары өз деңгейінде жүргізілмей келеді.

Жыл басынан бері мал ұрлығымен айналысқан 103 қылмыскер ұсталып, 139 қылмыс дәлелденіп, тиісті шешім қабылданған. Сонымен қатар, 20 қылмыстық топ ұсталып, 82 мал ұрлығын жасағандары дәлелденген. Қылмыстық жауапкершілікке тартылатындардың көпшілігі мал иелерімен татуласып, яғни шығынды өтеп, кешірім алып, жауапкершіліктен босатылады. Осылайша барымташылар оңай құтылып, баяғы кәсібіне қайтып кірсе.

Хабарламашының айтуынша, мал ұрлығы тоқтамауының бірнеше себептері бар. Біріншіден, малдың қараусыз жүруі, екіншіден, арзан әрі құжаты жоқ етті қабылдайтын орындардың болуы, үшіншіден, ет сататын орындардың бақылаусыздығы. Мал ұрлығының алдын алу үшін әр ауылдық округ әкімдігінің бір қызметкеріне бақташылардың жұмысын бақылап отыруды жүктеп, бұған жұмыспен қамтылмаған адамдарды тарту керек. Осы ретте соңғы 3-4 жылда мал ұрлығы орын алмаған Шиеді ауданының Н.Бекежанов ауылдық округінде ұйымдастырылған оң тәжірибе көпке үлгі боларлық.

Мал ұрлаушылардың аяғын тартуы, орын алған деректерді әшкерелеу үшін малдың

нақты есебін жүргізу, таңба басу, чип енгізу, ветеринарлық паспорт беру жұмыстарын, мал базарларын, ет сататын және өңдейтін орындарды бақылауға алу қажет. Облыс орталығында орналасқан мал базарын қаланың шет аймағына көшіру, сауда уақытын күндізге ауыстыру әлі күнге дейін шешілмей отыр.

Облыс әкімі атап өткендей, бұл мәселе алғаш рет 2015 жылдың басында комиссия отырысында қаралып, сол кезден бастап ұрлық саны жыл сайын төмендеуде. Дегенмен, қылмысқа қарсы күрес қарқынын бәсеңдетуге болмайды.

Облыстық ветеринария басқармасының басшысы Е.Әпетовтің айтуынша, малды уақытылы бірдейлендіруді, оларды дерекқор базасына енгізу және шығаруды, ілеспе құжаттарымен тасымалдауды, бақташылықты ауылдық округ әкімдері ұйымдастыруы керек. Сонымен мал арнайы алаңдар мен пункттерге ветеринариялық анықтамамен тасымалданады. Ет, сүт өнімдерін сатумен айналысатын 16 ішкі сауда нысандарында сараптамадан өтіп, тұтынұшыларға сатуға рұқсат етіледі.

Комиссия отырысында күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, құқық қорғау органдарының өкілдері қойылған сауалдарға жауап берді. Н.Бекежанов ауылдық округінің әкімі Ф.Ержановқа мал жайылымын тиімді ұйымдастыра білгені үшін облыс әкімінің алғыс хаты тапсырылып, оның мал ұрлығына қарсы күрестегі тәжірибесін басқа елді мекендерде қолдану ұсынылды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

ӨРКЕН I

КОЛЛЕДЖ МӘРТЕБЕСІ БЕРІЛДІ

Сыр спортында сүйіншілейтін жаңалық, Талай дарабозды тәрбиелеген Жалғатөс баһадүр атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-интернатына «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша студенттер даярлайтын мектеп-интернат-колледжі мәртебесі берілді. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев арнайы келіп, ұжымды жаңа оқу жылымен құттықтады.

– 2001 жылы Қызылорда облысында спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат болып тұңғыш рет ашылған бүгінгі мектеп-интернат-колледждің тарихы терең. Талай қазақ баласы білім алып, ел игілігіне қызмет атқаруға өмірлік жолдамамен аттанды. Білім мен тәрбие беру жолында есімдері елге танымал, әлем, Азия чемпиондары мен Олимпиада жүлдегерлері түлеп шықты. Ауыр атлетикадан Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Александр Зайчиков, Олимпиада ойындарының қатысушылары, әлем чемпионатының күміс жүлдегері Алмас Өтешов, еркін күрестен 3 дүркін Азия чемпионы Дәулет Ниязбеков, дзюдодан жасөспірімдер Олимпиада ойындарының жеңімпазы, тұң-

ғыш әлем чемпионы Бауыржан Жауынғаев, еркін күрестен Олимпиада ойындарының қатысушысы Ғалымжан Өсербаев, ауыр атлетикадан әлем чемпионатының қатысушысы Қуаныш Рахатов сынды спортшыларымызды мақтанышымен айта аламыз. Игі бастамаларыңызға шығармашылық табыс, жаңа жетістіктер мен жеңіс, педагогикалық ізденіс, жаңа серпін тілеймін! – деді аймақ басшысы.

Тарлан спортшыларға қанат бітірген қара шаңырақты аралау барысында тынымсыз еңбек пен қажымас күш-жігердің куәсі болдық. Мектеп-интернаттың 5-сыныбында 200 оқушы білім алса, колледжде «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша 20 студент оқиды екен. Биыл оқу орнында 8 ҚР спорт шебері,

38 спорт шеберлігіне үміткер даярланып, ұлттық құраманың қатарына 31 оқушы өткен. 2017-2018 оқу жылында мектеп-интернат оқушылары ҚР чемпионаттарында 132 медальға қол жеткізген. Нұрдаулет Аманқосов пен Құндыз Жылқыбай да Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанып, жерлестердің мерейін арттырды. Сондай-ақ, мектеп және колледж оқушылары арасындағы ҚР 9-шы жазғы спартакиадасында мектеп-интернат оқушылары 28 алтын, 14 күміс, 15 қола жүлде жеңіп алды. Алда жауапты сын көп. Қазан айында Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында өтетін III жазғы жасөспірімдер арасындағы Олимпиада ойындарына мектеп-интернат оқушылары Диас Бахрадин, Эльнура Нұрланова байларқа және каноэмен есу бойынша, Ерасыл Ергенбай мен Есенгелді Сәли ауыр атлетикадан қатысып, жеңісті қолдан бермеуге күш салады.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».
Суретті түсірген:
Б.ЕСЖАНОВ.



QUNDYLYQ I

Кеше Қызылордада қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін насихаттауға арналған лекторий өтті. Оның пленарлық мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Президент Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Леонид Прокопенко, облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов қатысты. Шара басталмас бұрын меймандар қолөнер шеберлерінің көрмесін тамашалады.

«ҚАЗАҚТАНУ» БІРЛІКТІ БЕКЕМДЕЙДІ



Өткен маусым айында еліміз бойынша алғаш болып Ақмола облысынан ғылыми-ағартушылық «Қазақтану» жобасы бастау алды. Жоба идеясы ҚХА-ның XXVI сессиясында көтерілген еді. Негізгі мақсат – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында барша қазақстандықтың ортақ мәдени коды, біртұтас құндылықтары мен жалпыұлттық тарихи санасы негізінде халықтың бірлігін нығайту. Сондай-ақ, этностар арасында қазақ халқының тарихын, дәстүрлерін, гуманитарлық және адамгершілік принциптерін дәріптеуге басымдық беріледі.

– Жаяуды көрсө – атын, адас-

қанды көрсө – төрін, ашыққанды көрсө, алдындағы асын беретін, аттың жалында, түйенің қомында жүрген қазақ халқы ежелден адамдарды діні, ділі, ұлтына бөліп қарамай, барлығын жақынындай көріп, бауырына тартқан. Біз ұлттық болмыс дегенде салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды ғана емес, ұлттық мінез-құлық, адамгершілік қағидаларын да айтуға тиіспіз. Осы құндылықтарымызды көздің қарашығындай қорғап, заман талабына сай кәдеге асырған жағдайда ұлттық болмысымызды сақтап қалатынымыз анық, – деді облыс әкімінің орынбасары.

«ҚАЗАҚТАНУ» БІРЛІКТІ БЕКЕМДЕЙДІ

Еліміздегі 130-дан астам ұлт пен ұлыстың басын біріктірген Қазақстан халқы Ассамблеясы – қоғамдағы этносаралық келісімді сақтауға, ұлттық саясатты іске асыруға, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге орасан зор үлес қосып келе жатқан бірегей институт. Бүгінде ол татулық пен тұрақтылықтың ең басты кепіліне айналды. ҚХА төрағасының орынбасары, Президент Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Леонид Прокопенко қиын-қыстау кезде сасқанға сая, талайға пана болған Сыр еліндегі озық тәжірибелер мен үлгілерге ерекше тоқталды.

– Облыстық Ассамблея жыл сайын қайырымдылық жасаушылар мен меценаттар форумын өткізіп тұрады. Қазіргі күні өңірде 80 медиация кабинеті, 344 қоғамдық медиатор жұмыс істеуде. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылып, студенттер қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, мемлекеттілігі, этностық мәдениеттер, тілдер мен Қазақстан халқының дәстүрлері туралы білім игеріп келеді. «Сыр елі – достық мекені» керуені қойнауына сыр бүккен киелі жерлердің тарихымен танысуға мүмкіндік беріп отыр, – деді ол.

Келелі басқосуда еліміздің зиялы қауым өкілдері үш жылға есептелген «Қазақтану» жобасының ұлт тұтастығына, ел бірлігіне апаратын қадам екенін жеткізді. Атап айтқанда, жазушы, әдебиет сыншысы, Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ерғөбек, жазушы, қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы Мырзагелді Кемел, қоғам қайраткері, Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қор төрағасы Сәби Аңастов, республикалық «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп жобаның тиімділігі туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Сонымен қатар, ҚХА-ның түрлі құрылымдарында белсенділік танытқан азаматтар марапатталды.

Екі күнге созылатын республикалық лекторий аясында облыс орталығында, Қармақшы, Сырдария және Шиелі аудандарында шеберлік дәрістерін өткізу жоспарланған.

1-бет

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

КЕЛІСІМ – КЕМЕЛДЕНУ КЕПІЛІ



«Достық үйінде» ҚХА жанындағы Қоғамдық келісім кеңесі төрағаларының отырысы өтті. Алқалы жылғына Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Президент Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Леонид Прокопенко, облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов пен республиканың түкпір-түкпірінен келген делегаттар қатысты. Басқосуда тараптар медиация институты мен Қоғамдық келісім кеңестерінің ауқымды шараларын тізбектеді.

ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАСАМПАЗ ҮЛГІСІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» мәдени-ағартушылық жобасы аясында қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін насихаттауға арналған республикалық лекторий аясында Қызылорда облыстық ҚХА жанындағы ғылыми-сарапшылық тобының кеңейтілген отырысы өтті.

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада өткен жиынды «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, ғылыми-сарапшылық топ жетекшісі Нұрлыбек Мыңжас жүргізді.

– Өздеріңіз білетіндей, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақ халқының рухани әсемдігі мен ішкі жан дүниесінің тереңдігін көрсетті. Бұл орайда «Қазақтану» мәдени-ағартушылық жобасы барша қазақстандықтарға қазақ халқының салт-дәстүрлері, мәдениеті, әдбие-

ті, тарихы, философиясы туралы терең ақпарат беру, оларды жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін қалыптастырудың жарқын үлгісі болып саналады, – деді ол.

Жиында «Қасиетті Қазақстан» ҒЗО басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Берік Әбдіғалиұлы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тақырыбында, филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметов «Ғасырлар дәстүрлерін

сақтау: қазақтардың мәдени коды және толеранттылық» тақырыбында баяндама жасады. Қатысушы ғалымдар мен жоғары оқу орнының оқытушылары тың ұсыныстарды ортаға салды.

Дәл осы уақытта жоғарыда аталған ғылыми кітапханада Қазақстан халқы кәсіби емес медиаторларына арналған семинар-тренинг өтті. «Медиация – рухани қатынастар құру алаңы» тақырыбындағы шараны «Соғласие» Халықаралық медиация және құқық орталығының кәсіби медиаторы, медиаторлар тренері Құлпаш Шалболова жүргізді.

Жалпы бүгінгі заман талабына сай қолданысқан енгізіліп отырған медиация әдісі, яғни сот алаңынан тыс бітімгерлік шарасы біздің халқымызға әу бастан жат емес. Қазақ тарихындағы билердің тұсында ел ішіндегі

дау-дамайдың барлығы бітімгерлік әдісімен әділ шешімін тауып, елдің бірлігі мен берекесі бұзылмаған.

Семинардың тренері Құлпаш Жаниязқызы жинғыға қатысушыларға Елбасы ұсынған рухани жаңғыру үлгісінің бір көрінісі – медиация әдісінің мән-мағынасы жайлы тарқата түсіндіріп, өз тәжірибесімен бөлісті. Бүгінгі таңда халықаралық деңгейдегі даулы мәселелерді шешуге араласып жүрген кәсіби медиатор 2011 жылдан бері 76 даулы мәселені медиация әдісімен қарап, оң шешім тапқанын айтты.

Семинар барысында кәсіби емес медиаторлар өздерін толғандыра көптеген сауалдарға жауап алды. Сонымен бірге, оларға арнайы сертификаттар табысталды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы».

ТАҒЫП I

ЖАУАПТЫЛАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің отырысында 12 мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе

– Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалары бұзушылықтарының профилактикасы бағытында атқарған жұмыстары туралы басқарма басшысы М.Әбуова хабарлама жасады.

Басқарма басшысының айтуынша, облыстың мәдениет саласында 2017-2018 жылдары сыбайлас жемқорлық сипатындағы 2 факті орын алып, оған байланысты құзырлы орындар тарапынан тиісті шешімдер қабылданған. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында тұрақты түрде жеке қабылдаулар өткізіліп, азаматтардың өтініштерін қарауға барынша мән беріліп отыр.

Кеңес басқарма басшысының хабарламасын назарға ала отырып, салада сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептеріне талдау жүргізіп, атқарылған шаралар жайлы Әдеп жөніндегі кеңеске ақпарат беруді тапсырды.

Келесі мәселе – Қызылорда облыстық білім басқармасына қарасты техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау қорытындысы туралы болды. Бұл жөнінде облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдебекова баяндады.

2018 жылдың 12 қаңтары мен 15 ақпан аралығында облыстық білім басқармасына қарасты техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жұмыстары жүргізілгенін атап өткен

басқарма басшысы, талдау барысында техникалық және кәсіптік білім басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілерін іске асыру барысында кадр алмасушылық бойынша, оқуға түсу емтихандары кезінде, сондай-ақ, қызметкерлерге сыйақы немесе басқа да ынталандыру көмектерін беру барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеліп соғатын мән-жайлар анықталғанын атап өтті.

– Жүргізілген талдау колледждердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде белгілі бір сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар екенін байқатты. Нәтижесінде, қызметкерлерге сыйақы немесе басқа да ынталандыру көмектерін беру барысында сыбайлас жемқорлыққа қамтамасыз етпегені үшін оқу орындарындағы тиісті қызметкерлердің жауапкершіліктері қаралып, бірқатарына колледж директорының бұйрығымен тәртіптік жазалар қолданылды, – деді М.Мелдебекова.

Бұл ретте басқарма басшысының хабарламасын назарға ала отырып, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары колледждерде аралық емтихан мен оқуға түсу емтихандарын тапсыру барысында талапкердің аты-жөні көрсетілмей штрих код арқылы (ҚазМемЗан университеті) жоғары оқу орны тәжірибесінде) тапсыру механизмін енгізуді қарастыруды, колледж қызметкерлеріне сыйақы немесе басқа да ынталандыру көмектерін беру барысында теңдік және ашықтықты қамтамасыз ету бағытында шаралар қабылдау тапсырылды.

Осы талдамалық анықтамада көрсетілген құқықтық актілердегі қарама-қайшылықтарды жою мақ-

сатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне тиісті өзгерістерді енгізу бойынша шара қабылдау қажеттігін алға тартты. Жалпы, колледждерге байланысты көп мәселе қозғалды. Әдеп кеңесінің төрағасы А.Мұхимовтың айтуынша, бүгінгі заман талабына қажетті мамандар даярлау ісінде нақты көңіл бөлуді қажет ететін көптеген мәселелер бар. Бұл тұрғыда кеңес мүшелері тарапынан білім басқармасының басшысына бірқатар ұсыныстар айтылды.

Сондай-ақ, күн тәртібінде қаралған Қармақшы, Шиелі аудандары әкімдігінің тәртіптік комиссияларының жұмыс нәтижелеріне сәйкес аталған тәртіптік комиссиялары тарапынан мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік қазаны қолдану кезінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану» Қағидалары талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз ету назарға ұсынылды.

Кеңесте облыс бойынша экология департаментінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау қорытындылары, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес АҚ облыс бойынша филиалының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын көтеру және электронды қызметтердің үлесін арттыру бағытында атқарған жұмыстары, Қармақшы, Шиелі аудандары әкімдігі және Қызылорда облысы бойынша қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің тәртіптік комиссияларының жұмыс нәтижелері туралы да айтылды.

Бұдан әрі күн тәртібіндегі мәселелер бойынша талдау нәтижелері назарға алынып, жауапты тұлғаларға тиісті тәртіптік шаралар көрілді.

Ғ.ҚОЗЫБЕКҚЫЗЫ.

АЖЫРАТЫЛҒАН ГАЗ ҚАЙТА ҚОСЫЛАДЫ

Жібек жолы көшесіндегі көпқабатты 3 үйдегі 15 пәтердің тұрғындары қаржы жинап баспаналарына «көгілдір отын» кіргізіп алған. Алайда, олар газ таратушы мекеменің келісім-шартқа отырмай, жеке «Патсайы» серіктестігінің қызметіне жүгініпті. Осыған байланысты, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ қызметкерлері заңсыз қосылған газ құбырын тұрғын үйден ажыратты.

Бұл туралы кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының газ инфрақұрылымын дамыту және қауіпті өндірістік ны-

сандарды мемлекеттік бақылау бөлімінің басшысы Олжас Исмаев хабарлады.

– Газ құбырларын жүргізген жекеменшік мердігер мекеменің басшысының айтуынша, мекеме қызметкері басшысының қолын, мөрін өзі қойып, тұрғындармен заңсыз келісім-шарт жасағандығын мойындап отырған көрінеді. Қазіргі таңда мердігер мекеме – «Патсайы» ЖШС тұрғын үйлерді газға қосу үшін құжаттарын заңдастырып, филиал қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс жасауда. Сондай-ақ, мекеме жетекшісі тұрғындарға газ беру жұмыстарын жеделдетінін мәлімдеді. Аталған мәселе басқарманың тікелей бақылауында, – деді О.Исмаев.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

Сырдария ауданындағы тіректі ауылдың бірі Бесарық елді мекенінде жаңа көпір пайдалануға берілді.

«Жаңадария» каналына салынған көпірдің ашылуына облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Сауапты іске үлес қосқан жандарға алғысын білдірген облыс әкімінің орынбасары ауылдың даму қарқыны жоғары екенін атады.

– Сырдария ауданында соңғы бес жылда жасампаз жұмыстар атқарылды. Аймақ басшысының қолдауымен аудан орталығы мен барлық елді мекендерде жаңадан әлеуметтік нысандар бой көтерді. Быыл 90 жылдық мерейтойын атап өткен сырдариялықтар үшін маңызды стратегиялық нысан берілді. Көпірдің пайдалануға берілуі елдің несібесін арттырады, қуаныштарыңыз құтты болсын, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Өз кезегінде Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Аманшаев елордалықтардың сәлемін жеткізіп, аудан жұртшылығына табыс тіледі.



Жаңа көпірдің лентасы қиылғаннан кейін ауылшаруашылық өнімдері тиелген жүк көліктері арнайы жүріп өтті.

Бұдан соң мәртебелі меймандар Бесарық ауылының тыныс-тіршілігімен танысты. Ауыл әкімі Н.Жүсіпова және «Абай-Дәулет» ЖШС директоры М.Сәрсенбаев орталық алаңды абаттандыру, жөндеуден өтіп жатқан әлеуметтік нысандарды көрсетті.

Тіректі ауылдағы көз тойярлық тірлікке қонақтар тілектестігін білдірді. Ауылдық мәдениет үйінде «Әжелер» ансамблінің өнерін тамашалап, қолөнер бұйымдарының көрмесін көрді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

«ДЕНСАУЛЫҚ» ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

«Денсаулық» және «Саламатты Қазақстан» медициналық пойыздары жолға шықты. Қыркүйектің 3-де «Қарағанды» және «Алматы-2» бекетінен шыққан пойыздар ұш ай бойы еліміздің шалғайдағы теміржол бекеттеріне тоқтап, елді мекен тұрғындарына медициналық көмек көрсетеді.



Медициналық бригада құрамында терапевт, педиатр, невропатолог, окулист, ЛОР, гинеколог, хирург, уролог, маммолог, стоматолог дәрігерлер бар. Пойыз диагностикалық құралдармен жабдықталған, оның ішінде компьютерлік спирометрік жүйемен, эхоэнцефалографпен, диагностикалық жүктеме сынақтарын жүргізу үшін кардиологиялық мониторинг жүйесімен, сонымен бірге, рентген, стоматологиялық, ЛОР және офтальмологиялық жабдықтардың соңғы үлгілерімен қамтамасыз етілген.

«Денсаулық» пойызы Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан және Алматы облыстары бойынша барлығы 71 бекетке тоқтайды деп күтілуде. Ал, «Саламатты Қазақстан» пойызы Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды және Қостанай облыстарының шалғайдағы 57 станциясының тұрғындарына көмек көрсетпек. Тұрғындар жоғары білікті медициналық көмек, соның ішінде шағын хирургиялық операциялар, жоғары сапалы стоматологиялық көмек ала алады.

Айта кету керек, «Медициналық пойыздар» жобасы алғаш рет 2010 жылы жүзеге асырылған болатын. Осы уақыт ішінде консультациялық-диагностикалық пойыздардан 1326 станция тұрғындары тексеруден өткен. Мамандар 379000 қазақстандықты тексерістен өткізген, оның ішінде 83806-сы бала.

Жоба «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, сонымен қатар «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның «Әлеуметтік жобалар» корпоративтік қоры арқылы жүзеге асырылады.

«Денсаулық пойызы» өңірімізде 14 қазан мен 1 қараша аралығында болады деп күтілуде.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы».



ТАРЛАНДАРДЫ ТҮЛЕТКЕН ТЕАТР

Тарихы тереңнен тамыр тартқан Сыр топырағының мәдениеті мәңгілік, өнері өміршен, Қасиетті өнердің қадірін түсіне білетін өлкеге «жыр елі» деген теңеу тегіннен-тегін телінбесе керек. Басқасын айтпағанда, қазақ театрының қарлығашы дәл осы өңірден қанат қаққаны көпшілікке мәлім.

Біз сөз етіп отырған Мұхтар Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театры тұңғыш рет шымылдығын 1926 жылдың қаңтар айында Қызылорда қаласында түрген еді. Ал Сыр өнерінің қарашаңырағы саналатын Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры өзінің бастауын өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан алады. 1955 жылы Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Қаратал аудандық колхоз-совхоз театры негізінде ұйымдастырылған өнер ордасы төрт жылдан кейін Қызылорда қаласына қоныс аударды. 1967 жылы сырнаймен саз төккен саңлақ Нартай Бекежановтың есімін иеленді. Шығармашылық ұжым бүгінде еліміздің маңдайалды театрларының біріне айналды.

Биыл 64-ші маусымына аяқ басқан жергілікті өнер ошағы өзінің тарихи жолында талай асудан өтті. 1970-1990 жылдары театрдың кәсіби деңгейі өсіп, өркендеген кезең болды. Шығармашылықжетістіктеріүшінұжым 1978 жылы «Бүкілодақтық венгр драматургиясы, 1980 жылы – неміс драматургиясы,

1982 жылы СССР халықтары драматургиясы фестивальдарының лауреаты атанды. 1980 жылы Қазақстанның халық артисі, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожақұлов, КСРО халық артисі Сәбира Майқанова Қызылордада гастрольдік сапармен келіп, шәкірттерімен бірге бір сахнада өнер көрсетті. Олардың қатарында бойындағы жастық қуатымен күрделірольдерді игеребастағанІзбасқан Шәкіров, Рашида Түгелбаевалар да бар еді. Театр тарландарының Сыр жастарымен тәжірибе бөлісуі шығармашылық ұжымға қанат бітірген мәдени құбылыс болды.

Театр – өнеге көзі, өмір айнасы десек, режиссер – оның жүрегі. Әдебиет сыншысы Асқар Сүлейменов: «Режиссер жүрек сияқты. Соққаны білінбесе керек», – дейді. Расымен, біз театрға барғанда сахнадан актерларды ғана көреміз. Олардың өнерін қызықтаймыз, шеберлігіне тамсанамыз. Содмған кейіпкерлерімен бірге жасасып, неше түрлі көңіл-күіге бөленеміз. Алайда, осының бәрінің сыртында режиссердің ерен еңбегі тұрғанын аңғара бермейміз. Қазақ өнері қарашаңырағының іргетасын қалауға алғашқы бас режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Жақып Әбілтайұлы қосқан үлесі орасан зор. Ол өзі қойған пьесалардың идеясына, тақырыптық өзектілігіне мән беруімен, адам мінезінің әртүрлі қырын ашып көрсету үшін суреткерлік шеберлігін сарқып жұмсағанымен есте қалды. Режиссерлық қызмет тізгіні Қазақстанның халық артисі Маман Байсеркеновке сеніп

тапсырылған тұста Шолпан Бәкірова, Жібек Бағысова, Тұрысжан Айнақұлов, Оралбек Әбдімомунов Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атақтарын иеленді. Театрда белсенді қызмет еткен Исмайыл Құрымов, Төлеш Тұңғышбаев, Тастан Әтебаев сынды режиссерлар өнер ошағының жұмысын жандандыруға атсалысты.

1971-1972 жылдары Ресейдің театр өнері институтын тәмамдаған Хусейін Теміровтің бас режиссер боп бекітілуі театрдың тамырына қан жүгіртіп, тіршілігіне тың серпін берді. Ол сахнадағы туындылар әлі күнге театр сыншылары мен мамандарының жоғары бағасын алып келеді. Сонымен қатар, режиссер мен өнерпаздардың бірлескен еңбегі театрды талай мәрте бийкке көтерді. Ұжым көркемдік шоқтығы биік спектакльдерімен бірнеше фестивальдан олжалай оралды. Мысалы, 2000 жылы Павлодарда өткен республикалық VIII театрлар фестиваліне Дулат Исабековтің «Аққу-Жібегімен» қатысып, театрдың бас суретшісі Серік Пірмаханов – «Ең үздік сценарист», Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақытбек Алпысбай «Ең үздік эпизодтық роль» номинацияларын жеңіп алды. 2003 жылдан бастап Хусейін Теміровтің жетекшілігімен театр жаңа белестерге бет түзей бастады. Ол сахнадағы спектакльдер мамандардан да лайықты бағасын алып, көрермен көңілінен де шығып үлгерді. Өнер ошағы көптеген бәйгеде топ жарып, жүлделерді қанжығасына байлап жүр.

60 жылдан астам тарихы бар театр – бүгінде республикадағы белді театрлардың бірі де бірегейі. Сыр бойындағы басты өнер ордасының материалдық-техникалық базасын жақсарту, репертуарын жаңа қойылымдармен толықтыру мәселесі – ұдайы басты назарда. 2008 жылдан бастап театрда «Нартайдың бүлдіршіндері» атты қуыршақ тобы жұмыс істесе, 2014 жылы жастар труппасы құрылды. Талантты жастар осы уақыт ішінде «Ең сұлуым Меңсұлу», «Сыған серенадасы», «Қысылғаннан қыз болдық» атты қойылымдарды жұртшылық назарына ұсынып үлгерді. Осы арада 2008 жылдан бері театр директоры Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұхит Жібекәрімовтің өрісті өнер

ұжымының бірлігіне ұйытқы болып отырған еңбегін ерекше атап өткен ләзім. Ал театрдың көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Хусейін Әмір-Темір өзінің мол тәжірибесімен күрделі міндеттерді жүзеге асыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді.

Қазіргі таңда театр ұжымы киелі қарашаңырақта шығармашылық байланыста тату-тәтті ғұмыр кешуде. Мәдениет пен әдебиеттің дамуына өзінше үлес қосып, биік шыңдардан көрінуде. Театр тіршілігі алға басып, жаңа үлгідегі пьесалар заман талабына сай сахналануда. Театр – адамның рухани серігі, ұлт рухының жаршысы. Адам мұнда өзін айнадан көріп, жан дүниесін сергіту үшін келеді. Демек, ұжымның басты мақсаты – көрермен көңіліндегісін дөп басу. Бұл ретте актерларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Театрды өркендету бағытында аянбай тер төгіп жүрген талант иелерінің арасында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақытбек Алпысбай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Үмітүлсім Бегімова, Камилла Әбжанова, мәдениет қайраткерлері Бектеміс Ботбаев, Залипа Төлепова, Алмагүл Артықбаева, мәдениет саласының үздіктері Айгүл Байдалиева мен Бақытбек Темірбеков, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты Қарлығаш Айтжанова, артистер Ұғым Баймаханов, Зәуре Көздібаева, Сырым Әбдіразақов, Арай Көшімбаевтар ерекше аталады. Ұжым әркез жалынды да дарынды жастармен толығып отырады. Олардың қатарына, мысалы, үнемі ізденіс үстінде жүретін Еркін Асанов, Гүлназ Дәужігітова, Ақтолқын Төлеуова, Ақтөре Оразалиев, Қанат Архабаев секілді талантты қыз-жігіттерді қосуға болады.

Тиісті қолдаудың арқасында соңғы жылдары жергілікті өнер ұжымының өзге өңірлермен ғана емес, басқа мемлекеттермен де шығармашылық байланысы нығая түсті. Театр 63 жылдық маусымында бес мемлекетке гастрольдік сапармен барып, қазақ өнерінің мәртебесін көтеріп, мерейін асқаттатты. Оның ішінде Татарстан, Түркия, Әзербайжан, Ұлыбритания елдерінде өткен өнер додаларына қатысып, ауыз толтырып айтарлық жетістіктермен оралды. Былтыр сәуір айында Әзербайжан мен Қазақстан арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнанағана 25 жыл толуына орай облыс әкімдігі ұжымның Әзербайжанның Баку мен Шеки қалаларында өнер көрсетуіне бастамашы болды. Ал өткен тамыз айында Шотландияның Эдинбург қаласында ұйымдастырылған «Фриндж» халықаралық өнер фестиваліне қатысты. Онда Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» лиро-эпостық драмасының желісі бойынша сахналанған «Ақбай» спектаклін ұсынды. Ауқымды шарада әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған маңдайалды өнер ұжымдары бақ сынады. Биылғы бәйгеге шамамен 50 мемлекеттен 50 мыңға жуық өнерпаз қатысты. Әлемдік дода шотландиялық көрерменнің 3 мыңдай қойылымды тамашалауына мүмкіндік берді. Соның бірін қазақ театрларының арасынан фестивальге бірінші боп қатысқан қызылордалық өнерпаздар ұсынды. Бұл – театрдың ғана табысы емес, бүкіл Сыр жұртшылығы сүйіншілейтін жаңалық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында рухани мәдениетміз бен ұлттық рухты дамытудың негізгі бағыттарын айқындап бергені белгілі. Маңызды міндеттерді іске асыруда театрдың тигізер ықпалы басым. Басты мақсат – рухани кемелдік пен мәдени өсуге ықпал ететін қойылымдар арқылы көрермен бойында адами құндылықтарды арттыру. Сыр бойлықтарға ғана емес, өзге облыстар мен мемлекеттерде де өзінің кәсіби деңгейін мойындаға білген жергілікті театр ұжымы алдағы уақытта та сенім үдесінен көріне береді деп білеміз.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

NAZAR I

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының қызметкерлері облыс орталығындағы көлік базарында акция өткізді. Шарада жүргізуші куәлігін ауыстыру мен көлік құралын тіркеу қызметтерін онлайн форматқа ауыстыру талаптары түсіндірілді. Енді автокөлік иелері жүргізуші куәлігін ауыстыру мен көлік құралын тіркеу қызметтерін egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы алуына болады.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР ҮШІН ЖЕҢІЛДІК



Мемлекеттік корпорацияның облыстық филиалы директорының орынбасары Айнұр Тобаева аталған қызметтерді онлайн-режимде алу механизмі жайлы айтып өтті.

– Ол үшін egov.kz порталына кіріп, тиісті өтінімді толтырып және өзінің жеке электронды цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) қол қойса болғаны. Бұрын көлік құралын сатушы және сатып алушы осы қызметті көрсетуге өтінім беру үшін «Азаматтарға арналған үкіметтің» фронт-офисіне (ХҚКО) және мамандандырылған ХҚКО) бір уақытта барлық қажетті құжаттарымен баратын. Енді азаматтар үйден шықпай-ақ, онлайн режимінде өтініш беру мүмкіндігіне ие болды, – деді А.Тобаева.

Көлік құралын сатушы egov.kz порталына тіркеліп, авторизацияланады да «көлік және коммуникация» бөліміне кіреді. Онда «көлік құралын тіркеу үшін электрондық өтініш беру» деген қызметті таңдайды. Содан кейін қажетті көлік құралының тізімін анықтайды, алдағы толтырады және өзінің электрондық қолтаңбасын пайдалана отырып, қол қояды.

Онлайн қызметі сатушының барлық ақпараттарын мен салықтарын толық төлеуді, техникалық тексерудің өзекті болуын талап етеді. Осыдан кейін, көлік сатып алушы порталының жеке кабинетіне ол өтінімімен танысады. Бұдан соң қызмет алушыға «танымсыз, сұрау салуға өтуіне болады» деген хабарлама келеді. Егер сатып алушы мәмілеге

келісім берген жағдайда, ол төленбеген айыппұлдар мен салық берешегін тексеретін әрі тексерілетін келесі қадамға барады. Құжат рәсімдеу барысында сатып алушы қарапайым немесе жоғары сұранысқа ие мемлекеттік тіркеу нөмірін таңдай алады. Ал жүргізуші куәлігін ауыстыру тіпті оңай. Электронды порталда өтінімге фотосурет және қолтаңбаның сканерленген суретін қоса жүктейсіз. Жеке кабинетте құжаттың дайын екендігі туралы хабарлама алғаннан кейін мамандандырылған ХҚКО-ға барып ескі жүргізуші куәлігін, жеке басын куәландыратын құжат, мемлекеттік баж төлеген туралы электрондық чек пен өтінішті ұсынады.

Жүргізуші куәлігінің мемлекеттік баж құны бұрынғысына өзгертусіз – 1,25 АЕК көлемінде, яғни 3 006, 25 теңге. Егер сіз жүргізуші куәлігін мерзімі өтіп кеткеннен кейін ауыстыратын болсаңыз, онда сізге психодиспансер мен наркодиспансерден анықтама, сондай-ақ 083 формадағы медициналық анықтама қажет болады. Онлайн тіркеу іске қосылған күні-ақ 150-ге жуық қызылордалық жанашыл маман өтініштің көрді. Облыс көлемінде бір мезетте өткен акция барысында мыңға жуық ақпараттық брошюралар тарап, талпып, кеңестер берілді. Шара алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

ЖӘРМЕҢКЕ

15 қыркүйек күні Шиелі ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Тасбөгет кентінің орталық алаңында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі. Басталуы сағат 09.00.



М.МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖИ

2018-2019 оқу жылына сырттай оқу нысанына төмендегі мамандықтар бойынша 20-қыркүйекке дейін талапкерлерден құжаттар қабылдайтындығын хабарлайды

0105000 - «Бастауыш білім беру»
0101000 - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»
0111023 - «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі»
0103000 - «Дене тәрбиесі және спорт»
0403000 - «Әлеуметтік-мәдени қызметі және халықтық көркемдік шығармашылығы» (бейін бойынша)
Оқу ақысы: 90 000 теңге.
Оқу мерзімі: 2 жыл 10 ай.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 9.
Байланыс тел.: 26-12-90.

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінен 2018 жылдың 20 ақпанында №КЗ677.АА00011120 лицензиясы берілген)

«Энергосервис» ЕЖШС басшылығының тұтынушыларды жеке сұрақтармен қабылдау кестесі

Аты-жөні, лауазымы	Қабылдау күндері және уақыты	Кабинет
Есенбаев Еркебұлан Бактыбаевич, директор	Сейсенбі, бейсенбі 15.00-ден 16.00-ге дейін	2
Абдулахат Руслан, директордың орынбасары	Дүйсенбі, сәрсенбі 15.00-ден 16.00-ге дейін	3
Досжанов Жомарт Абдималикович, коммерциялық директор	Жұма, сенбі 10.00-ден 11.00-ге дейін	1
Ахметова Серіккүл Бидайбековна, абоненттік бөлімінің басшысы Тел.: 400979, 8 771 936 54 01, 8 771 045 06 30	Күнделікті 10.00-ден 11.00-ге дейін, 15.00-ден 16.00-ге дейін	1-кабат

Кезекші редактор **Шынар БЕКБАН.**

Тоқабайдағы тағылымды шара

Тоқабай елді мекенінде Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Арал ауданының құрметті азаматы Қуаныш Бердімағанбетовтің туғанына 85 жыл толуына орай еске алу шарасы өтті.



театрландырылған қойылымнан басталды. Марқұммен кезінде бірге қызмет жасап, көзін көрген ақсақалдар өздерінің естеліктерімен бөлісті. Осындағы №248 орта мектебіндегі тау тұрпатты тұлға байланысты мұражай экспонаттарымен танысып, танымдық конференцияға қатысқан қауым көптеген қызықты деректерге қанықты. Конференцияны Арал ауданы әкімінің орынбасары Рүстем Өтешов жүргізіп, ардагер-ұстаз Үргенішбай Қуатов Қ. Бердімағанбетовтің өмірі мен еңбек жолындағы бағындырған жетістіктеріне тоқталды. Шараға облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев пен көршілес Қазалыдан аудан әкімінің орынбасары Сәбит Бабанаев бастаған арнайы деле-

гация, еліміздің әр өңірінен меймандар келді. Марқұмның рухына құран бағышталып, ас берілді.

Ұлттық ат спорты түрлерінен құнан, топ және аламан бәйгелері өткізілді. Құнан бәйгеде Шиелиннің Бала би ауылының «Нар қызыл» атты жүйрігі бас бәйгені жеңіп алса, тоқ бәйгеде Жақсықылыш кентінің «Баққұс» есімді торы аты топ жарды. Ал аламан бәйгенің бас жүлдесін Тоқабай ауылының «Бас Батыр» деген торы қасқасы иеленді. Аламан бәйгенің бас жүлдесіне тігілген автокөліктің кілтін аудан әкімі Мұхтар Оразбаев табыстеді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
Арал ауданы.

Меншік иесі



жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
төп/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
төп: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті
жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында
қатталып, «Сыр медиа» ЖШС
өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне
хабарласуға болады.

Таралымы 28729
Тапсырыс №1455

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrbойi@yandex.kz / www.syrboyi.kz